



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

3 Вагин В.Д. Таможенные органы и их роль в обеспечении экономической безопасности в сфере внешнеэкономической деятельности [Текст] : учебное пособие / В.Д. Вагин. - СПб.: ИЦ Интермедия, 2019. - 120 с. - ISBN 978-5-4383-0139-4.

4 Немирова, Г.И. Особенности администрирования таможенных доходов в Евразийском экономическом союзе [Текст] / Г.И. Немирова // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Экономика. - 2017. - № 4. - С. 475-486.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Нұржан Л.Н.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенттері

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: nurzhan.leila@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты квазимемлекеттік сектор субъектісі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мысалында аудит жүргізу болып табылады. Мақалада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері талданды. Зерттеу барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ жалпы сипаттама беріліп, компанияның ұйымдық құрылымы мен директорлар кеңесі қаралды. Сонымен қатар, соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер зерттелді. Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік, ақша қаражаты, жарғылық капитал, дебиторлық және кредиторлық берешек, күрделі салымдар, салық.

Аннотация. Целью статьи является проведение аудита субъекта квазигосударственного сектора на примере акционерного общества «Национальная компания» Қазақстан темір жолы». В статье проанализированы результаты государственного аудита консолидированной финансовой отчетности акционерного общества «Национальная компания» Қазақстан темір жолы». В ходе исследования была дана общая характеристика АО «НК «ҚТЖ», рассмотрена организационная структура и совет директоров компании. Кроме того, были изучены показатели за последние 3 года, то есть с 2018 по 2020 годы. В результате исследования были представлены рекомендации по результатам государственного аудита.

Ключевые слова: государственный аудит, финансовая отчетность, денежные средства, уставный капитал, дебиторская и кредиторская задолженность, капитальные вложения, налоги.

Annotation. The purpose of the article is to conduct an audit of a quasi-public sector entity on the example of the joint-stock company «National Company» Kazakhstan Temir Zholy». The article analyzes the results of the state audit of the consolidated financial statements of the joint stock company «National Company» Kazakhstan Temir Zholy». In the course of the study, the general characteristics of JSC «NC «KTZ» were given, the organizational structure and the board of directors of the company were considered. In addition, the indicators for the last 3 years, that is, from 2018 to 2020, were studied. As a result of the study, recommendations on the results of the state audit were presented.

Keywords: state audit, financial statements, cash, authorized capital, accounts receivable and payable, capital investments, taxes.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – көлік логистикалық холдинг, ҚР магистральдық теміржол желісінің операторы, Ұлттық теміржол жүк жолаушыларды тасымалдаушы. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк айналымының көлемі және кірісі бойынша дүниежүзінің 15 ірі теміржол компанияларының қатарына кіреді. Жолтабанының ені 1520 мм болатын темір жолдарының ұзындығы бойынша ТМД және Балтық елдері арасында 3-орында тұр. Компания қызметінің бағыттары: магистральдық теміржол желісінің қызметтері, теміржол көлігімен жүк тасымалдау, теміржол көлігімен жолаушы тасымалдау, көлік-логистикалық қызметтер, жүк вагондарымен операциялар жүргізу. ҚР Үкіметі құрылтайшысы және жалғыз акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Жалғыз акционері. 2006 жылдан бастап Deloitte («Делойт») ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның аудиторы болып табылады.

Жоғары органы болып Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ табылады. Компанияда корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу принциптеріне негізделген [3].



Сурет 1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдық құрылымы

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және Компания қызметінің ұзақ мерзімді перспективаға негізгі бағдарларды белгілейді, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық және адами ресурстардың болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 9 адам болып белгіленді.

Кесте 1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы, млн. теңге[1]

Жарғылық капитал	2018	2019	2020	Ауытқу		Өсу қарқыны		Өсім қарқыны	
				2018/2019	2019/2020	2018/2019	2019/2020	2018/2019	2019/2020
	1 062 635	1 082 299	1 082 299	19 664	0	101.85	100	1.85	0



Сурет 2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы

Кесте 1 және Сурет 2 көріп отырғанымыздай, «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018-2020 жылдар аралығындағы жарғылық капиталы және олардың динамикасы көрсетілген. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда, 19 664 млн. теңгеге немесе 1,85%-ға артты.


Ішкі аудит қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ органы болып табылады, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттарды орындау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласындағы бағалауды жүзеге асырады. Қызмет тікелей «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Қызметтің ісіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде қандай да бір адамдардың ықпалынан тәуелсіз болуға тиіс.

Компанияның Директорлар кеңесіне комплаенс-бақылау жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне көмектесу мақсатында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында Комплаенс-қызмет құрылған. Комплаенс-қызметтің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет мәселелері бойынша реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алу тетіктерін енгізу болып табылады.

Кесте 2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешегі, млн. теңге[2]

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
Дебиторлық берешек	21 639	13 244	11 317	-8 395	-38,8%	-1 927	-14,5%
Кредиторлық берешек	140 222	116 912	85 056	-23 310	-16,6%	-31 856	-27,3%

Деб. және кред. берешек арақатынасының коэффициенті	0,15	0,11	0,13				
---	------	------	------	--	--	--	--




Сурет 3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешегі

Кесте 2 және Сурет 3 «ҚТЖ» ҰК» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешегі берілген. Дебиторлық және кредиторлық берешек арақатынасының коэффициентін есептей келе мынадай қорытындығы келуге болады – компания айтарлықтай қарыз ресурстарын тартты, бірақ қазіргі уақытта оларды қазіргі қызметінде тиімсіз пайдаланады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған. Инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі негізінен теміржол инфрақұрылымын жаңартуға және жаңғыртуға, сонымен қатар тарту-жылжымалы құрамды сатып алуға бағытталған компанияның меншікті қаражаты. Әлеуметтік жобаларды іске асыру мемлекет тарапынан қаржыландыру жағдайында ғана жүзеге асырылады.

Кесте 3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018-2020 жылдар кезеңіндегі күрделі салымдары, млрд. теңге[3]

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
Күрделі салымдар	256	150	160	-106	-41,4%	10	6,7%



Сурет 4. «ҚТЖ» ҰК» АҚ күрделі салымдарды қаржыландыру құрылымы, %

Сурет 4 көріп отырғанымыздай, «ҚТЖ» ҰК» АҚ күрделі салымдарды меншікті қаражат, республикалық бюджет қаражаты және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырады. Көп үлесін компания меншік қаражаты есебінен қаржыландыратынын байқауға болады.

Кесте 4. «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018-2020 жылдар кезеңіндегі ақша қаражаты мен оның баламалары, млн. теңге[4]

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
Ақша қаражаты мен баламалары	68 223	151 867	155 407	83 644	122,6%	3 540	2,3%

2020 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 0,19% және басқа валюталарды 0,93% құрады. Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Топтың ақша қаражатына қажеттілігіне байланысты 3 айға және одан аз мерзімге әртүрлі мерзімге орналастырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Қазақстан Республикасының бюджетіне 2020 жылы төлеген салықтары мен басқа да міндетті төлемдерінің сомасы 108 629 млн. теңге құрады.

Кесте 5. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ҚР бюджетіне 2020 жылы төлеген салықтары мен басқа да міндетті төлемдері[5]

Болған өңірлер	Жиынтығы, мың теңге	Үлесі, %
ЖИЫНТЫҒЫ	108 628 988	100
Нұр-Сұлтан қ.	57 356 298	52,8
Алматы қ.	3 814 974	3,51

Шымкент қ.	1 787 512	1,65
Ақмола облысы	4 737 213	4,36
Ақтөбе облысы	6 305 264	5,8
Алматы облысы	3 736 587	3,44
Қарағанды облысы	7 468 962	6,88
Жамбыл облысы	3 468 886	3,19
Батыс Қазақстан облысы	189 617	0,17
Шығыс Қазақстан облысы	2 881 826	2,65
Солтүстік Қазақстан облысы	201 633	0,19
Атырау облысы	2 362 439	2,17
Павлодар облысы	3 268 893	3,01
Қызылорда облысы	2 501 381	2,3
Түркістан облысы	633 955	0,58
Маңғыстау облысы	4 823 359	4,44
Қостанай облысы	3 090 189	2,84

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы қызметінің тиімділігін арттыру бойынша «Ақылды вокзал» жобасы және бірнеше ұсыныстар бар. «Ақылды вокзал» – бұл барлық техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық процестер адамның ең аз қатысуымен іске асырылатын вокзал инфрақұрылымы мен техникалық құралдарының жұмыс істеу тиімділігін барынша арттыруға мүмкіндік беретін жүйелер кешені. «Ақылды вокзал» технологияларын енгізу объектісі вокзал ғимараты мен оған іргелес инфрақұрылымды (перрондар, платформалар, жерасты өткелдері, т.б.) қамтитын бүкіл вокзал кешені болып табылады. «Ақылды вокзал» құру мақсаттары: вокзал кешеніне келушілер үшін қызмет көрсету сапасын және жайлылық деңгейін арттыру. Санитарлық-гигиеналық жағдайлардың қажетті деңгейін қамтамасыз ету. Тәуекелдің нақты есебін ескере отырып, вокзал аумағында кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Сатылымның өсуі. Сатылымның өсуі баланста қолма-қол ақшаның жоғары деңгейін білдіреді. Компания қолма-қол ақшамен сатуды жүзеге асырған кезде, шоттар кірістер мен шығындар туралы есепте сату шотын және баланстағы ақша шотын көбейтуі керек. Инновациялық және сапалы өнімдер, мақсатты маркетинг және клиенттерге жоғары қызмет көрсету – бұл жоғары сатылымға дәйекті түрде қол жеткізудің және нарықта бәсекелестік артықшылыққа ие болудың кейбір жолдары.

Дебиторлық және кредиторлық берешекті басқару. Бұрын кешіккен клиенттер үшін несиелік лимиттерді азайту немесе қаржылық қиындықтарға тап болған клиенттерге несие беруден бас тарту сияқты несиелік бақылаудың қатаң процедуралары мерзімі өткен шоттардың санын азайтып, ақша ағынын арттыруы мүмкін. Автоматты түрде еске салғыштарды электрондық пошта арқылы жіберу, мерзімі өткен клиенттерді бақылау және шот-фактураларды мерзімінен бұрын өтеуге жеңілдіктер беру — бұл дебиторлық берешекті басқарудың және баланста қолма-қол ақшаны көбейтудің басқа тәсілдері. Сонымен қатар, кредиторлық берешекті бақылау қажет. Әрбір дебитор мен кредитор бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті тұрақты бақылау

жүйесін ұйымдастыру; мақсаты осы міндеттемелердің дұрыстығын, мақсаттылығын және пайдалану тиімділігін тексеру болып табылатын дебиторлық және кредиторлық берешекке қаржылық-шаруашылық бақылауды жүйелі түрде жүргізу.

Шығындарды бақылау. Шығындарды бақылау қолма-қол ақша деңгейін арттырады. Сатылымның өсуі ақша қаражаттарын көбейту үшін маңызды, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады. Бизнес-процестерді оңтайландыру, іс сапарларды қысқарту және мердігерлерді толық уақытты қызметкерлердің орнына пайдалану-бұл шығындарды азайтудың бірнеше әдісі.

Қаржыландыру және инвестициялық қызмет. Компаниялар қаржыландыру және инвестициялау арқылы ақша деңгейін арттыра алады. Қаржылық қызмет банктік несиелерден және инвесторлар үшін акциялар немесе облигациялар шығарудан түсетін түсімдерді қамтиды. Акциялар мен облигацияларға салынған инвестициялардың дивидендтері мен пайызын төлеу ақша қаражатының деңгейін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ресми сайты [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылдық есептері [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарғысы [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
4. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000266>
5. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ КЕТЕТІН БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫНЫҢ АУДИТІ

Нұржан Л.Н., Сапархан Д.Б., Кабыкенов Б.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенттері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы

Е-mail: nurzhan.leila@mail.ru, dinasaparkhan@gmail.com,
bekzat.kabykenov@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы